**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Асықата» Жетісай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2024 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою туалы жиналыс**

**ХАТТАМАСЫ №1**

**Асықата кенті** **15 тамыз 2024 жыл**

**Қатысушылар:**

Жиналыс төрайымы – Кәсіпорын басшысы – Утеулиева Б.К.

Жиналыс хатшысы – мамандар бөлімі инспекторы – комплаенс-офицер - Тилемисова Д.Б.

Кәсіпорын қызметкерлері – 25 қызметкер.

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша анықталған тәуекелдерді жою жөніндегі ұсыныстарды орындау.

Жиналыс төрағасы Б.Утеулиева күн тәртібіндегі ішкі талдау жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін атап өтті:

1. Жұмысқа қабылдау процесі электронды жүйеге толық ауыстырылмаған. Осы мәселе бойынша мамандар бөлімі инпекторы А.Махатова сөз алып, орта буын қызметкерлерін жұмысқа қабылдау процесі 2024 жылдың шілде айынан бастап jumys.snation.kz порталы арқылы жүзеге асырыла бастағанын айтты.Сонымен қатар басқа да қызметкерлерді жұмысқа қабылдау процесі enbek.kz веб-сайты арқылы жүзеге асырылуын қатаң бақылауға алынуы талқыланды.

2. Сонымен қатар жиналыс төрйымы түсіндірме жұмыстардың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қана емес, оның алғашқы шарттарын жоюға бағытталуы қажет екендігін айтты. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық анықтамасында көрсетілген кемшіліктерді жіберген мамандарға ескерту жариялауды ұсынды. Аталған кемшіліктерге келешекте жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдау ұсынылды, яғни даму жоспары «Ақпараттық есептеу орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz веб-порталындағы мемлекеттік мүлік тізіліміне уақытылы енгізілуін қатаң бақылауға алу, даму жоспарының қосымшалары толық көлемде толтырылуын қадағалау, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жобасының» талаптарын сақтану, мемлекеттік мүлікті басқару принциптерінің

сақталуын қатаң бақылауға алу, мекеме бұйрықтарында ҚР Еңбек Кодексінің заңнама талаптарының сақталуын және т.б. анықталған кемшіліктерді жою қатаң бақылауға алынуын ұсынды.

3. Жалпы жиналыс жоғарыда айтылған сыбайлас жемқорлық дертін жою мақсатында атқаратын жұмыстарды сапалы атқарылуын, аурухана қызметкерлерінің арасында заң бұзушылық фактілерін алдын алуға, еңбек заңнамасы қатаң түрде сақталуын және сыбайластық әрекетке жол бермеуге тиіс екенін жеткізілді.
4. Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша сұрақтар берілді, оның барлығына қанағаттандырарлық жауап қайтарылды.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелер бойынша жан-жақты талқыланып

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдерге жол бергені үшін мүлік есепшісі А.Ораловқа, жоспарлау бөлімі басшысы К.Нысанбаевқа, мамандар бөлімі инспекторы А.Махатоваға ауызша ескерту беріліп, алдағы уақытта мұндай тәуекелдердің орын алуын болдырмау жүктелсін.
2. Қазақстан Республикасы Заңнамалары талаптарының сақталуына тұрақты бақылау орнатып, қызметкерлерге тұрақты құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыру заңгер Д.Джанабековаға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы: Б.К.Утеулиева

Жиналыс хатшысы: Д.Б.Тилемисова